

«01-май» 2017
Зерттеу № 164
АКТАУ КАЛАСЫ
АДДЕС БАСКАРМЧАСЫ
СЕРИЯ
3251-124374МК 1081001С026

Манғыстау облысы әкімдігінің
2017 жылғы «10» наурыз
№ 164 қаулығымен бекітілген



**Манғыстау облысының білім баскармасының
«Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

Үйымдық – құқықтық нысаны:

мемлекеттік касіпорын

Мемлекеттік меншік түрі:

коммуналдық

Орналаскан жері:

Казакстан Республикасы
Манғыстау облысы, 130001
Актау қаласы, 3 шағын аудан,
№ 208 гимарат.

Актау қаласы
2017 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Мангистау облысының білім баскармасының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның үйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Мангистау облысы әкімдігінің 2017 жылғы «___» № ___ қаулысының негізінде құрылған.

3. Кәсіпорынның қурылтайшысы Мангистау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне катысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық мешік құқығын Мангистау облысының әкімдігі (бұдан әрі – қурылтайшы) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды баскаруды жүзеге асыратын орган Мангистау облысының білім баскармасы (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Мангистау облысының білім баскармасының «Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмінің орталығы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Областной центр детско – юношеского туризма» Управления образования Мангистауской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазакстан Республикасы, Мангистау облысы, 130001, Ақтау қаласы, 3 шағын аудан, № 208 ғимарат.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазакстан Республикасының Мемлекеттік елтанбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазакстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазакстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтten бастап жасалынған деп есептеледі.

11. Кәсіпорын өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқыктарға ие болуга, құқықтық міндеттер артуға, сотта талапкер және жауапкер болуга құқылы.

12. Кәсіпорын жер участкесін пайдалануга, жылжымайтын мүлікті, оның ішінде гимаратты, құрылыштарды, көлік техникасын, өзге де тасымалдаушы құралдарды жалдауға немесе иеленуге құқылы.

13. Кәсіпорын жеке оку бағдарламаларын әзірлеуге, катысушыларына тиісті қуәліктер мен дипломдар беруге құқылы.

3. Кәсіпорын қызметтің мәні мен мақсаттары

14. Кәсіпорын қызметтің мәні облыста жасөспірмдердің туризмін дамыту мақсатындағы жұмысты жаңғырту, қосымша білім берудің тәрбиелік қурауышын үйымдастыру және күшету болып табылады.

15. Кәсіпорын қызметтің мақсаты:

1) салауатты өмір салтын қалыптастыру, Отанына, отбасына, коршаған ортасына деген сүйіспеншілігін, адам бостандығы мен құқығын құрметтеу, еңбеккорлыққа, азаматтыққа тәрбиелеу, мазмұнды демалыс үйымдастыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, балалар мен окушы жастардың шығармашылық еңбегі мен кәсіби өзін – өзі анықтау, деңсаулықты нығайту, тұлғалық дамуына қажетті жағдай жасау;

2) оку – танымдық және тәрбие жұмысын үйлестіру, оку – әдістемелік және тәрбие үрдісіне озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу, қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру.

16. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) кашықтықтан оқыту технологияларын пайдалана отырып, білім алушылар мен тәрбиленушілерге тұған жер, елдің тарихы, жәдігерлер туралы білімдік-танымдық туризм сабактарын үйлестіру, өткізу және үйымдастыру;

2) оку демалысы кезінде жергілікті жерлерде және облыстан тыс өнірлерде балалардың туристік лагерьлерін, танымдық саяхаттарын үйымдастыру;

3) білім беру үйымдарында туризм саласын дамыту мақсатында педагогикалық қызметкерлермен, қосымша білім педагогтарымен семинарлар, дәңгелек үстел, т.б. өткізу;

4) туристік - өлкетану бағытында журналдар, окулықтар, туристік карталар, атластар даярлау, баспа қызметін жүзеге асыру;

5) білім беру мекемелерінде өлкетану мұражайларын жасақтауға, қызметтің үйлестіруге, тарихи жәдігерлерді, экспонаттарды жинақтауға мектеп мұражайлары қызметтеріне кенес беру;

6) облыс бойынша туристік үйірмелердің жетекшілеріне арналған туристік сейілдеудің, жорықтардың, экспедициялардың және слеттердің маршрутын әзірлеу;

7) «Менің Отаным - Қазақстан» туристік – экспедициялық жасақтардың республикалық слеттінің (жарыстар, жорықтар, т.б.) жобасын жүзеге асыру;

- 9) туристік жорықтар, экскурсиялар, спорттық жарыстар үйымдастыру;
 - 10) білім алушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
 - 11) жасөспірімдер туризмін дамыту мақсатында мекемелер мен кәсіпорындармен ынтымақтастық карым-катынас шараларын жасау.
17. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай – ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Құрылтайшы Кәсіпорынга қатысты келесі функцияларды жүзеге асырады:
 - 1) Кәсіпорынды құру, кайта үйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
 - 2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
 - 3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
 - 4) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;
 - 5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, етеусіз пайдалануға және сенімгерлік баскаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;
 - 6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
 - 7) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды үйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
 - 8) қосымша жалпы білім беру бағдарламалары бойынша (туристік, экологиялық, өлкетану, спорттық бағыттары) мемлекеттік саясатты іске асыру;
 - 9) оку – танымдық бағдарламаларды әзірлеу, бекіту;
 - 10) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруда шарт бойынша үйымдармен, сондай-ақ балалар қоғамдық бірлестіктерінің қызметін сабактан тыс және бос уақытында үйымдастыру, басқа да білім беру үйымдарының педагогикалық ұжымына көмек көрсету;
 - 11) Мемлекеттік кәсіпорынның материалдық – техникалық базасын дамыту;
 - 12) білім алушылардың денсаулығын нығайту, олардың салауатты өмір салтын ұстануына уәжемелеу бойынша жұмыс жүргізу;
 - 13) облыстағы туристік – өлкетану қызметінің жай - күйі туралы қажетті акпаратты жинау және талдау, білім беру мекемелеріне туристік - өлкетану, экскурсия қызметін үйымдастыруда практикалық, консультативтік көмек көрсету;
 - 14) осы Жарғымен және Казakhstan Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

- 1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) колемін аныктайды;
- 2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оны орындауды жүзеге асырады, келіседі және бекітеді;
- 4) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;
- 5) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен директорды тағайындауды және оны аттестаттаудан өткізеді;
- 6) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сактауга бакылауды камтамасыз етеді;
- 7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;
- 8) Кәсіпорын директорының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауды және қызметтенн босатады;
- 9) жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу корының мөлшерін белгілейді;
- 10) Қазақстан Республикасының заннамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Занды тұлға ретіндегі Кәсіпорынның органы оның директоры болып табылады.

21. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен енбек катынастарын Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес енбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

22. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметтіне және мүлкінің сакталуына дербес жауапты болады.

23. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорында сыйбайлас жемкорлықка карсы іс-әрекетті үйимдастыруға дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорын директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметтінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Директор:

- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
- 2) Қазақстан Республикасының заннамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бүйректар шығарады және нұскаулар береді;
- 7) Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмыска қабылдайды және олармен енбек шарттарын

бұзады, көтермелеу және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларға жаза шарапарын қолданады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Қәсіпорының қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас (ага) бухгалтерді коспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Қәсіпорының басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Қәсіпорының мұлқі

26. Қәсіпорының мұлқін, құны оның тәңгерімінде көрсетілетін Қәсіпорының активтері құрайды.

27. Қәсіпорының мұлқі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (Жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлары) бойынша, оның ішінде Қәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

28. Қәсіпорының мұлқі:

1) оған меншік иесі берген мұліктін;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мұліктің (акшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

29. Қәсіпорының қарамағында тек оның жарғылық максаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған кажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлқі болуы мүмкін.

30. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табигатына қайши келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқыкты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

31. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Қәсіпорынга бекіту туралы шешімін қабылдаған, Қәсіпорында мұлікті өз тәңгеріміне бекіткен сәтінде туындаиды.

32. Қәсіпорының негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу - сату, айыrbастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

33. Қәсіпорының мұлқіне жедел басқару құқығы, меншік құқығын тоқтау үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249 - бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша,

сондай - ақ осы Жарғының 35, 36 - тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

34. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, құрылтайшы тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан жедел басқару құқығында бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрган басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

35. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде құрылтайшы Кәсіпорынға оны өзге тұлғага бергенге дейін ұстаудың және сакталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

36. Кәсіпорын осы Жарғының 33 - тармағында көзделген жағдайларды коспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

37. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

38. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландылады.

39. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік несінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруга алынған мүліктен қалыптасады.

7. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

40. Кәсіпорынның қаржылық жылы күнтізбелік жылдың 1 қанчары мен 31 желтоқсаны аралығында белгіленеді.

41. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорын директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

42. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік тенгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, акша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны камтиды.

8. Кәсіпорынның жауапкершілігі

43. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Акша жеткіліксіз болған жағдайда, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе тиісті әкімшілік - аумактық бірлік бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

9. Енбек ұжымымен өзара қатынастар

44. Кәсіпорынның әкімшілігі мен енбек ұжымы арасындағы өзара қатынастар Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

45. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі енбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы енбек заннамасының нормаларына кайши келмеуі тиіс.

10. Кәсіпорын қызметкерлеріне енбекакы төлеу

46. Кәсіпорынның енбекакы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың үәкілетті органы белгілейді.

47. Енбекакы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықакы мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген енбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқынрайды.

48. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас (ага) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың үәкілетті органы белгілейді.

11. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

49. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Манғыстау облысы әкімдігінің қаулысы бойынша жүгізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

50. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Манғыстау облысының әкімдігі жүзеге асырады.

51. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін құрылтайшы қайта беледі.

Кредит белушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, облыстық бюджеттің кірісіне есептеледі.

12. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

52. Кәсіпорынның Жарғысына барлық өзгерістер мен толықтырулар Манғыстау облысы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

53. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Кәсіпорын бір ай мерзімде бұл туралы тіркеуші органды хабардар етеді.
